

Қоғамдық денсаулық сақтау мектебін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 21 шілдедегі N 1142

Қоғамдық денсаулық сақтау жөніндегі мамандарды даярлау мен қайта даярлау, денсаулық сақтау органдары мен мекемелері басшыларының денсаулық сақтауды реформалау жағдайындағы менеджмент, маркетинг, экономика мәселелері жөніндегі біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау мектебін құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгіленген тәртіппен Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің жарғысын, құрылымын, оқу нысанын, мамандықтары тізбесін және профессорлық-оқытушы құрамының санын бекітсін, байқаушы кеңесін құрсын.

3. Қоғамдық денсаулық сақтау мектебін ұйымдастыру және оны

мемлекеттік мекеме ретінде одан әрі қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кадрларын даярлауға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау мектебін Алматы қаласы, Өтепов көшесі 19а мекен-жайдағы үй-жайға орналастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары